

ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН АБАЙ ҚАРА СӨЗІНДЕГІ АДАМ ОНТОГЕНЕЗІ

Қазіргі шапшаң дамыған ақпараттық-технология заманында адамзат баласының қуанышы мен қайғысы біртіндеп бір бүтін синкреттік жүйеге айналып барады. Уақыт өткен сайын мәдениеттер мен діни көзқарастар сұхбаттастығы мәселесі күн тәртібінен мықтап орын алды.

Осыдан он төрт ғасыр бұрын Мұхаммед пайғамбар насихаттаған дін Исламның басты қайнар бұлағы Құран Кәрім адам баласының пайда болуы, өсіп өркендеуі, бұл дүниеге келудегі мақсаты мен қоғамда атқаратын қызметін түсіндіруде өзіндік көзқарас ұсынды. Мұндай көзқарас не Шығыстық, не Батыстық емес, Ислами көзқарас болып қалыптасты. Кезінде мұндай көзқарас шығысқа кең таралса, соңғы жылдары батыста кеңінен насихатталып, түрлі тосқауылдарға, келіспеушіліктерге карамастан оның дұрыстығы түрлі салаларда ғылыми тұрғыдан дәлелдене түсуде. Мұны кейбір дін ғалымдары Құранның ғылымға қарсы келмейтіндігімен байланыстыруда. «Құран түскелі он төрт ғасырдан бері, ғылым – Құранның ақиқатын дәлелдеп келеді» [1, 3 б.] Құранда ең алғаш түскен аяттардың өзі адам баласын ғылым-білімге үндейді [Құран: «Алақ» сүресі, 1-5 аяттар]. Бір ауыз сөзбен айтқанда, «Ислам ең алдымен білімді құнттады. Оны иманның серігі қылып, қадірін көтерді. Сондай-ақ, ғалымдарды ардақтауға бұйырды. Білім мен иман – Ислам өркениетінің негізі» [2, 24 б.] болып қалыптасты.

Соңғы үлгідегі ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды кеңінен пайдалана отырып, қоршаған ортадағы табиғат құпиялары мен терең мұхит тұңғығындағы тылсымдар мен тіршілік сырларын, кеңістіктегі галактикалық таңғажайып құбылыстардың ғылыми жаңалығы Құран аяттарымен үндесіп жатқандығы кімді болса да таң қалдыруда...

Жалпы, Ислам дінін қабыл еткен «мұсылман ғалымдар медицина, астрономия, химия, мантик (логика), физика, математика, экономика, музыка, психология, социология салаларында да көптеген ғылыми жаңалықтарды ашқан» [3, 31 б.] әрі түрлі ғылым салаларында көшбасшы бола білген.

Алғашқы мұсылмандардың ғылым-білімге баса көңіл аударуы мына факторларға байланысты деп топшылауға болады.

1 – Дін. Өйткені білім – Жаратушы Иені, Аллаһ тағаланы дұрыс танып білуге жол ашады, әрі Ислам дінінің құлшылық-заңдарын дұрыс, талап етілгендей етіп орындалуына мүмкіндік береді.

2 – Дүние. Мұсылмандар дінді үйренумен қатар күнделікті тұрмыс-тіршілікке, қоғамға пайдасы бар, жалпыға ортақ қоршаған ортадағы құпияларды, табиғаттың қыр-сырын, ашуға барын салды.



3 – Қоғам. Құран адамзат баласына жер бетінде еңбек етіп, оның байлықтарын пайдалануға болатындығын паш етті. Құранда: **«Сендерге (Аллаһ) көктердегі нәрселерді де, жердегі нәрселерді де толық бағындырды, бұл нәрселерде ойланатын адамдар үшін, әлбетте, белгілер бар»**, [4, Құран, 45:13] – деп аят бар. Міне осы сияқты аяттарды негізге ала отырып мұсылман ғалымдары әлеуметтік құндылықтарға көп көңіл бөлді. Осының нәтижесінде білім айбынға, қарыштап дамуға, әлеуметтік және өркениеттік өрлеуге жеткізетін құралға айналған болатын. Мұның бәрі сөзсіз Құран аяттарының нұсқауы негізінде іске асырылды.

Құрандағы жаратылыс жайында баяндалатын аяттарды басты үш топқа бөліп қарастыруға болады. Олар:

1. Әлемнің жаратылысы жайындағы аяттар;
2. Әлемдегі тіршілік атаулының, жан-жануарлардың жаратылысы жайындағы аяттар;
3. Адамзат баласының жаратылысы жайындағы аяттар.

Жаратушы Ие әу баста мақлұқаттарын жоқтан бар етіп жаратқанда оған куә болып, көзімізбен көрген ешбіріміз жоқ. Осы жайында Құранда Аллаһ тағала: **«Мен оларды (ібіліс пен оның ұрпақтарын) көктер мен жерді жаратуға және өздерін жаратуға да куә еткен емеспін** (яғни, олар жеті қабат көк пен жердің қалай жаралғанын, адам баласы өздерінің қалай жаралғанын да мүлде білмейді, бұлардың барлығын бір Өзім жараттым), **сол сияқты, бұл жолдан адастырушыларды (Өзіме) жәрдемші де еткен емеспін** (ендеше, ей адамдар сендер не үшін оларға ғибадат етесіндер?!» [Құран, 18: 51] – деген аят кездеседі. Әрине бұл көмескі нәрсе, басқаша айтқанда иманмен, адам баласының Жаратқанға деген сенімімен тығыз байланысты. Егер адам баласы ең алдымен өзін-өзі дұрыс танып-білсе, өзін қоршаған тіршілік атаулыны, әлемді, жаратушы Иесін де дұрыс танып білмек. Әрі өз кезегінде бұл қоғамдағы көкейтесті мәселелер мен проблемалардың оң шешім табуына да ықпалын тигізбек.

Құранда Аллаһ тағала адамзат баласының өткені, бүгіні мен ертеңі жайында хабар бере отырып, **«...енді, адамзат өзінің неден жаратылғанына бір қарасын!»** [Құран, 86:5] – деген мағынадағы аятты паш етеді. Егер зер салып, қарайтын болсақ, Құран аяттары аясында адамзат баласының жаратылысы бірнеше кезеңдерден тұратындығын аңғаруға болады. Олар:

- 1- **Тин** (балшық) кезеңі; 2- **Нутфә** (жатырда тұратын тамшы) кезеңі; 3- **Аләқа** (ұйыған қан) кезеңі; 4-**Мудға** (кесек ет) кезеңі; 5- **Сүйек және ет** кезеңі; 6- **Өзгеріске түскен** (басқа бір) кезеңі; 7- **Нәресте** (дүниеге келу) кезеңі; 8- **Ер жету және қартаю** кезеңі.

Бұл кезеңдер Құрандағы **«Расында адамды нағыз балшықтан жараттық. Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық. Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті сүйек жасадық та сүйектерге ет қаптадық. Сонан кейін**



оны басқа бір жаратылыс қып, жан салдық. Жаратушылардың шебері ұлы Аллаһ. Бұдан кейін әрине сендер өлесіндер. Сосын сендер қиямет күні, Күдіксіз тірілтілесіндер» [Құран, 23:12,16] – деген, сондай-ақ: «**Ол сендердің (аталарың Адамды) топырақтан, сосын, (оның бүкіл ұрпақтарын) нұтфа-мәниден, сосын, ұйыған қаннан жаратқан. Сосын, Ол сендердің (аналарыңның құрсағынан) нәресте күйлерінде (жарық дүниеге) шығарады, Сосын, (ол) сендерді ер жетулеріңе, сосын қартаюларына (жеткізеді). Сендердің араларыңда (ер жетуден не қартаю жасынан) ілгері қайтыс болатындар да бар. (Ол) сендерді белгіленген ажалға жетулеріңе (мүмкіндік береді). Әрине, егер, ақыл жүргізсендер**» [Құран, 40: 67,68] –деген аяттарға негізделеді.

Енді осы айтылған әрбір кезенді жеке қарастырып, Құран аяттар аясында талқылап көрелік.

1) **Тин** (балшық) **кезеңі**; Аятта: «**Расында адамды нағыз балшықтан жараттық**» [Құран, 23:12]-делінсе, келесі бір аятта: «**Ол сендердің (аталарың Адамды) топырақтан, сосын, (оның бүкіл ұрпақтарын) нұтфа-мәниден, сосын, ұйыған қаннан жаратқан**» [Құран, 40: 67]-делінеді. Дейтұрғанмен адамның алғашқы жаратылысы туралы Құранда түрлі сөз тіркестерімен баяндалатын бірнеше аяттарды кездестіруге болады. Мысалы: «...**Бейнеленген кара балшықтың кеуіп, сыңғырлағанынан** (құрғатылған лайдан) **Адам жаратамын**» [Құран, 15:28], «**Шын мәнінде оларды (адам баласын) бір жабысқақ балшықтан жараттық**» [Құран, 37:1]. «**Ол, адамзатты құмырадай сыңырлаған құрғақ топырақтан жаратты**» [Құран, 55:14]-делінеді. Міне осындай аяттардан кейін Аллаһ тағала пріштелерге: «**Оның жаратылысын тамамдап, оған рухымнан үрлеген (жан салған) сәтте, оған сәжде қылыңдар!**»-деп бұйырады.

Егер мұқият назар салып қарайтын болсақ, адамға жан салынғанға дейінгі жаратылыс кезеңін баяндайтын аяттар іштей керағарлықтың емес, керісінше, сол кезеңнің өзінде бір реттіліктің барлығын аңғартады. Бірақ бұл кезенді баяндайтын аяттар әр түрлі сүрелердің түрлі аяттарында келгендіктен реттілікті табу қиынға түседі. Дейтұрғанмен осы кезенді баяндайтын пайғамбар хадисіне жүгінер болсақ, белгілі бір реттілікті көруге болады. Пайғамбар (с.ғ.с.): «*Расында Аллаһ тағала Адамды топырақтан жаратты. Сосын оны балшық етті. Кейін оны бейнелеп, жаратып кеуіп, құрғатылған лай болғанда тастап қойды. Сосын оны құмырадай сыңғырлағанда қойып қойды. Сонда Ібіліс келіп: шынында да ұлы бір іс жаратты,-дейтін. Кейін (Аллаһ) оған Өз рухынан үрледі. Сонда рухтың алғаш жүрген жері (Адамның) көзі мен мұрын қуысы болды. (Адам) дереу түшікіді де, «ал-хамду-лиллаһ»-дейді. (оған жауап ретінде Аллаһ) «Сені Аллаһ рахым етсін»-деді*» [5, 408 б.]-деген. Міне осы хадис жоғарыдағы аяттардың реттілігін табуға көмектесе, өз кезегінде жоғарыдағы аяттар әу бастағы Адам атаның жаратылысын баяндайтындығына дәйек бола алады.



Құранда Адам атаның жаратылысы өз алдына қарастырылып, Хауа ананың Адам атадан жаратылғаны паш етіледі. Аятта: **«Әй, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар»** [Құран, 4:1]-делінеді.

2) **Нутфә** (жатырда тұратын тамшы) кезеңі. Бұл Адаматадан кейінгі әр біріміздің жаратылысының бастау кезеңі деуге болады. Бұл кезеңде ер мен әйелдің жыныстық қатынасқа түсу салдарынан ер кісінің бойындағы адам ұрығы (сперма) әйел жатырына өтеді де онда өсіп, дамуына қолайлылық туады. Аятта: **«Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы еттік»** [Құран, 23:12]-делінсе, басқа бір аятта: **«...енді, адамзат өзінің неден жаратылғанына бір қарасын! Бір атылып шыққан судан жаратылған; Ол, бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан шығады»** [Құран, 86:5]-делінеді. Тағы бір аятта: **«Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларына сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларды ойланған елге белгілер бар»** [Құран, 30:21]-делінеді.

3) **Аләқа** (ұйыған қан) кезеңі. Ана құрсағына түскен ер кісінің бойындағы адам ұрығы (сперма) ешбір сыртқы көмексіз-ақ бағытын тауып, құрсақтан өзіне белгіленген орнын табады да сол орында жабысып, ілініп тұрады. Белгілі уақыттан кейін келбетін біртіндеп өзгертіп, ұйыған қанға айналады. Құранда: **«Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық»** [Құран, 23:13]-делінеді. Араб тіліндегі «Аләқа» сөзі ілінген, жабысқан деген мағыналарды берумен қатар «ұйыған қан» мағынасын да береді.

4) **Мудға** (кесек ет) кезеңі. Бұл кезең адам ұрығы (сперма) ана құрсағына түскеннен соң шамамен төрт аптадан кейін біртіндеп пайда болады. Аятта: **«Ұйыған қанды кесек ет жасап...»**-деп баяндалды. Қазіргі дамыған медицина ғылымы бұл шындықты қуаттап отыр.

5) **Сүйек және Ет** кезеңі. Жоғарыда айтылған «Мудға» (кесек ет) кезеңі бесінші аптадан бастап біртіндеп бір бөлігі сүйекке, ал енді бір бөлігі сүйекті қаптап тұратын етке айнала бастайды. Жүректің де алғаш қағуы осы кезеңде басталады. Аятта: **«...кесек етті сүйек жасадық та сүйектерге ет қаптадық»** [Құран, 23:14]-делінеді.

6) **Өзгеріске түскен** (басқа бір) кезең. Бұл кезең жүктіліктің төртінші айында ғана болатындығын қазіргі ғылым дәлелдеп отыр. Міне, осы кезеңде нәресте қимылдай бастайтындығы, әрі оның ер не қыз екендігін аңғаруға болатындығы баршаға мәлім. Әрі дәл осы кезеңде оған рух үрленетіндігі Құран тәпсірлерінде айтылады. [6, 242 б.] Құранда: **«(Ей, Мұхаммед!) Олар сенен (рух) жан туралы сұрайды: «Ол, Раббымың әмірінен. Сендерге (ол жайында) өте аз мәлімет берілді» де»** – деген мағынадағы аят келтіріледі. Әрине адамға үрілген рух жайындағы әңгіме өз алдына бір тақырып.

7) **Нәресте** (сәбидің дүниеге келу) кезеңі. «Негізінде ана құрсағындағы нәресте жеміс ағашының бұтағындағы жеміске ұқсайды. Қашан ол өсіп,



үлкейгенге дейін құрсақпен тығыз қарым-қатынаста болады. Уақыты келіп, жетіліп, толыққан сайын нәрестенің құрсақпен арадағы байланысы әлсірей түседі. Бұл бейне бір жеміс ағашының жемісі піскен соң бұтақпен байланысының әлсіреуі іспеттес. Соңында бұл бөлінумен аяқталады» [7, 99 б.] біз мұны нәрсетенің, сәбидің дүниеге келуі деп айтамыз.

Міне осы кезеңде ана құрсағы да біртіндеп жатырындағы сәбиді сыртқа шығаруға әзірлік жасайды. Ана құрсағындағы нәресте туылғанда алғаш болып оның тыныс алу жүйесі дербес іске қосылады. Нәресте ауамен алғаш тыныстанғанда қатты жылайды. Міне, осы сәт әрбір адамның дүниеге келуінің алғашқы сәттері, өмірінің бастауы болып саналады. Дейтұрғанмен, нәрестенің ана құрсағында өткізген жеті не тоғыз айлық өміріміз тағы бар.

8) **Ер жету және Қартаю** кезеңі. Бұл кезеңде нәрсете, сәби күн өткен сайын өсіп, жетіледі. Есіту, көру, сияқты т.б. сезім мүшелері біртіндеп дамиды. Белгілі бір жасқа келген соң адамның өсу процесі тоқтайды да тұрақтау кезеңіне жол береді. Сосын біртіндеп қартаю (кері кету) процесі жүреді. Бұл кезеңде Құранда: **«Сосын, (ол) сендерді ер жетулеріңе, сосын қартаюларыңа (жеткізеді). Сендердің араларыңда (ер жетуден не қартаю жасынан) ілгері қайтыс болатындар да бар. (Ол) сендерді белгіленген ажалға жетулеріңе (мүмкіндік береді). Әрине, ақылға саларсындар»** [Құран: 40/67, 68] – деп баяндалады.

Осы аяттан адам ұрығының (спермасының) ана құрсағындағы туылғанға дейінді кезеңі немесе дүниеге келгеннен бастап, қартайған шағына дейінгі кезеңді міндетті түрде өткізу керек дегенді білдірмейтіндігін аңғарарымыз. Әр кім ажалына қарай дүние салады...

Бір анығы, әу баста топырақтан жаралған адам баласы дүние салғанда, оны туған-туыстары қазақи, мұсылмандық салт бойынша қайта топыраққа береді. Әрі оны **«қайтыс болды»** – дейді. Басқаша айтқанда, әу бастағы топырақ халіне **«қайта оралды»** деп ұғады. Мұны мұсылмандық сананың қазақ тіліндегі бір көрінісі деуге болады.

Физикалық әдемілікпен қатар адамзат баласына ақыл, ой, сана-сезім, мінез-құлық берілгендігі және жеті қабат көк пен жер бетіндегі күллі жанды-жансыз жаратылғандар (жан жануарлар) атаулы түгелдей адам баласының игілігіне ұсынылғандығы жайында баяндалған Құран аяттарын да назардан тыс қалдыруға болмайды.

Бұл жайында Абай Құнанбайұлы да сөз қозғап, өз шығармаларында әсіресе, кара сөздерінде құдай тағаланың барлығы мен бірлігі, жарату-шылығының ұлықтығы жайында нақли және ақли дәлелдер кел-тіреді. Дәлірек айтсақ, хакім Абай: **«...Ғақлия дәлелім – құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайда алатұғын ғақылды инсанды жаратыпты.**

...Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатындай жаратпай, бұл гузел сипатты беріп, екі аяққа бастырып, басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік



қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып, ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп, кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе?! Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?», [8, 325-б.] – дейді.

Осы адамзат баласының жаратылысы жайында айтылған хакім Абай ой-толғамдары Құран аяттарымен өзара үндеседі. Нақтырақ айтсақ, мәтінде келген «...бұл гузел сипатты беріп, ...» дегені Құрандағы «Тин» сүресінің төртінші аятымен толық үндеседі. Аятта: **«Расында біз адамзат баласын ең көркем бейнеде жараттық...»**, [Құран: 95/4] -делінеді. Жоғарыдағы мәтінде көтерілген көз, тіл туралы Құранда «Бәләд» сүресінің 8-9 аяттарында: **«Оған (адамзат баласына) екі көз жаратпадық па?! Әрі бір тіл екі ерін...»**-деген мағынада келсе, тағы бір аятта: **«...тілдеріңнің, түстеріңнің, қарама-қарсылығы да Оның (Алланың) белгілерінен»** [Құран: 30/22], - делінеді. Ал жоғарыда айтылған: **«...сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе?! Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?»**-дегені Құранда: **«...Аллаһ сендерге иманды жақсы көрсетіп, оны жүректерінде зейнеттеді. Сондай-ақ сендерге; қарсылықты, бұзақылықты және бас тартуды жек көрсетті...»**, [Құран: 49/7], -деген мағынада баяндалып, тағы да хакім Абай көтерген дұрыс иман мәселесінен іштей үндеседі. Тағы бір Құран аятында **«(Ей, Мұхаммед! Сен) оларға: «Егер Алланы сүйсендер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды...»**, [Құран: 3/31], – деген мағынада беріледі.

Қорыта келгенде, хакім Абай: **«...Махаббатпен жаратқан адамзатты, / Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті...»**-дегеніндей бәрі де келіп махаббатқа тіреледі. Абай ой-толғамдарына жүгінсек, құдай тағала адамзатты махаббатпен жаратты. Абай өз өскелең бүгінгі ұрпаққа: **«Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?»** – деп ой салады.

Құдай тағала адамды ардақты етіп жаратты, оны құрметке бөлеп, құрлықта да теңізде де көліктендірді [қараңыз. Құран: 17/70], әр нәрсені жұбымен жаратып [қараңыз. Құран: 36/36], нәсілін жалғастыруға себеп етті.

Құранда адамның жаратылуы жайындағы мағлұмат «Бақара» сүресінде Аллаһ тағала мен періштелер арасында болған сұхбаттан бастау алады. Нақтырақ айтсақ: **«...сол уақытта Раббың періштелерге: «Әрине мен жерде бір орынбасар жаратамын!»**,- деген еді. (Періштелер): **«Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз»** деді. Аллаһ: **«Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»**,-деді. (Аллаһ, Адамды топырақтан жара-



тып оған жан салды.) Аллах Адамға біртұтас атауларды үйретті де сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер» деді. Періштелер: «Сен пәксің! Біздің, Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине Сен толық білуші, өте данасың» деді. (Аллаһ): «Әй, Адам! Оларға, бұлардың аттарын баян ет» деді. Сонда (Адам) оларға ол заттардың аттарын айтқан сәтте, Аллах: «Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де көрнеу, көмес істегендеріңді білемін деп айтпадым ба?»,- деді. Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде етіңдер» дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ Ібіліс бас тартып, дандайсып, қарсы келушілерден болды. Және де: «Әй, Адам! Сен де жұбайың да жәннатта тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер де, мына ағашқа жоламандар. Онда жазықтылардан боласыңдар» деген едік. (Бұл ағаш көбінесе бидай немесе жүзім ағашы делінген.) Сонда Шайтан, екеуін ол жерден тайдырды. Ондағы нығметтерден де шығарды. Оларға: «Бір-біріңе қас болып, түсіңдер: Сендер үшін жер жүзінде тұрақ және бір мезгілге дейін пайдалану бар...» [Құран: 2/30-36] деп адамзат баласының жер бетіндегі өмірі толықтың бір бөлшегі, белгілі мерзімге дейінгі (уақытша) тұрақ деп түсіндіріледі. Қалай десек те, адамзат баласының дене бітімі ана құрсағында бір тамшы судан біртіндеп дамып, пайда болатыны, дүние есігін ашқаннан кейін оның бойында жүре келе пайда болатын жақсы-жаман мінез-құлықтың барлығы да жеке адам тұлғасының қалыптасуына негіз болады. Уақыт өте бұл адам дүние салып, адами тұлғасы оны көргендердің ой-санасында не қағаз беттерінде сақталып, жас ұрпаққа үлгі өнеге болуда.

Осылайша адамның ана құрсағына дейінгі және осы дүниеден кейінгі о дүниелік тұрағы қазірше ғылымға белгісіз. Ал құран аяттары адамның ана құрсағына дейінгі және дүние салғаннан кейінгі кезеңінен де азын-аулақ хабар береді. Осылайша ғылым қол жеткізе қоймаған шындықты біз құран аяттарына табамыз. Олай болса, біздің құран кітабы жайындағы бүгінгі түсінік, көзқарасымыз уақыт өткен сайын, кеңейіп, көзқарасымыз біртіндеп өзгере бермек. Себебі, осыдан 14 ғасыр бұрын адам эмбрыоны мен оның дамуының фазалары жайында құран аяты паш етілген болса, ол осыдан 30 жыл бұрын ғана ғылыми дәлелденіп, құран аятының дәлдігі мойындалды. Ғалымдар адам жаратылысы жайындағы бүгінгі медицинадағы лабораториялық зерттеулердің Құран аяттарымен тоғысып отыратындығын жоққа шығармайды.

Әдебиеттер

1. Ислам ақиқат көзімен қарағанда. – Алматы, 2003. – 160-бет. Халифа Алтай Халықаралық Ислам қайырымдылық қоры әзірлеген.
2. *М. Фатхи, М. Рифағи.* Ислам мәдениеті. – Алматы, 2007. – 232 бет.
3. *Мұртаза Бұлұтай.* Дін және ұлт. – Алматы, 2006. – 584 бет.



4. *Құран Кәрім*. Қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. – 1991.
5. *Әбу Шәһәбәһ Мухаммад*. Әл-мадхал лидирасатул-Қуранил-Карим. – Әр-Рияд. 3-том. – 1987.
6. *Тәфсирул-Құранул-азим*. 3-том. Мәктәбат әд-дәуа әл-исләмияһ. 242-бет.
7. *Ариб бин Сағад әл-Әндалуси*. Тадбирил-хибали уал-маулудин. Дарун-нашр, 1997. – 224-б.
8. *Абай*. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы, 1995. – 384-б.

Резюме

Палторе Ы. Онтогенез человека в Коране и «Словах Назидания» Абая

В статье рассматривается вопрос о происхождении человека в Коране и в «Словах Назидания» Абая. Приводятся аяты, указывающие на истинное происхождение человечества, и хадисы, разъясняющие смыслы данных аятов. Представлена последовательность онтогенетического развития ребенка, основанная на аятах Корана, которая не отрицается сегодняшней наукой.

Summary

Paltore Y. Ontogenesis of Man in Quran and in “Words of Edification” by Abai

The author of this article discusses the question of human origin in the Quran and its verses which point to the true origin of humanity as well as the Hadith explaining the meanings of these verses. The author also gives the parallels with “Words of Edification” by Abai and the question of a chain of child genesis based on the verses of the Quran which as we know is not denied by science today.

